



## Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 наурыздағы N 308 қаулысы.  
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.03.25. N 264 қаулысымен

Балалардың құқықтарын қорғау және заңды мүдделерін тиімді қорғауды камтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрылсын.
2. Қоса беріліп отырған Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже бекітілсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2004

жылғы

11

наурыздағы

N

308

қаулысына

қосымша

## Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы

Ескерту. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.02. N 822  
қаулысымен .

Құлекеев

- Қазақстан Республикасының Білім

Жақсыбек Әбдірахметұлы

және ғылым министрі, төраға

Шәмшидинова

- Қазақстан Республикасының Білім

Күләш Ноғатайқызы

және ғылым вице-министрі, төрағаның

орынбасары

Есбосынова

- Қазақстан Республикасының

Светлана Бағытқызы

Білім және ғылым министрлігі

Орта білім департаментінің

директоры, хатшы

Комиссия мүшелері:

Әбусейітов - Қазақстан Республикасының  
Қайрат Қуатұлы Сыртқы істер бірінші вице-министрі  
Байғұтдинов - Қазақстан Республикасы  
Темірлан Серікұлы Президентінің жанындағы Отбасы  
және әйелдер істері жөніндегі  
ұлттық комиссия хатшылығы секторының  
меңгерушісі (келісім бойынша)  
Баймағанбетов - Қазақстан Республикасының Әділет  
Серік Нұртайұлы вице-министрі  
Байқадамов - Қазақстан Республикасындағы Адам  
Болат Кенжекешұлы құқықтары жөніндегі уәкіл, (келісім  
бойынша)  
Досаев - Қазақстан Республикасының  
Ерболат Асқарбекұлы Денсаулық сақтау министрі  
Қарақұсова Гүлжан - Қазақстан Республикасының Еңбек  
Жанпейісқызы және халықты әлеуметтік қорғау  
министрі  
Отто - Қазақстан Республикасының Ішкі  
Иван Иванович істер бірінші вице-министрі  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 1 н а у р ы з д а ғ ы  
N 3 0 8 қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

## **Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу мақсатында құрылған.

2. Комиссия Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, БҰҰ-ның Баланың құқықтары жөніндегі конвенциясының ережелерін, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және

Үкіметінің кесімдерін, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

## **2. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары**

4. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары:

- 1) балалар құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы проблемалар бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 2) балалардың құқықтары мен мүдделеріне қатысты мәселелер бойынша мүдделі органдар мен ұйымдардың ұсыныстарын қарау;
- 3) Қазақстан Республикасының Үкіметіне қажетті ақпарат ұсыну болып табылады.

## **3. Комиссияның құқықтары**

5. Комиссия өз міндеттеріне сәйкес:

- 1) оның құзыретіне енетін мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеуге және ұсыныстар енгізуге;
- 2) заңнамада белгіленген тәртіппен Комиссия міндеттерін іске асыруға қажетті материалдарды мемлекеттік және басқа ұйымдардан сұратуға және алуға;
- 3) уақытша және тұрақты жұмыс істейтін сараптау және жұмыс топтарын ұйымдастыруға;
- 4) оның құзыретіне жатқызылған өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

## **4. Комиссияның қызметін ұйымдастыру**

6. Комиссияны оның қызметіне басшылық жасайтын, Комиссияның мәжілістерінде төрағалық ететін, оның жұмысын жоспарлайтын, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асыратын және Комиссия жүзеге асыратын қызметке жауап беретін төраға басқарады. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын орынбасары орындайды.

7. Комиссия жұмыс органының функциялары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне жүктеледі.

8. Комиссияның жұмыс органы:

- 1) Комиссия мәжілісінің күн тәртібін қалыптастырады;
- 2) Комиссия шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді және бақылайды;
- 3) Комиссия мүшелерінің және оның қызметіне тартылған мамандардың жұмысын үйлестіреді.

9. Комиссия мәжілістерінде қарауға арналған мәселелер тізбесі қажеттілігіне қарай жасалады және оны төраға бекітеді.

10. Бекітілген тізбе Комиссия мүшелеріне тізім бойынша жөнелтіледі.

11. Комиссия мәжілісінің нәтижелері бойынша төраға қол қоятын хаттама жасалады. Комиссия шешімдері ашық дауыс беру жолымен қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады және егер олар үшін Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданады деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

12. Комиссияның шешімі ұсынымдық сипатта болады.

13. Комиссия мүшелерінің айрықша пікірге құқығы бар, ол білдірілген жағдайда жазбаша түрде баяндалуы және Комиссия мәжілісінің хаттамасына қ о с а б е р і л у і т и і с .

14. Комиссия мәжілісі қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде тоқсанына бір рет өткізіледі және оны төраға шақырады. Шұғыл шешім қабылдау қажет болған жағдайларда төрағаның шақыруы бойынша Комиссияның кезектен тыс мәжілісі ө т к і з і л у і м ү м к і н .

15. Комиссияның мәжілісі оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды болып саналады.

## **5. Комиссияның қызметін тоқтату**

16. Комиссияның қызметін тоқтатуға Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негіз болып табылады.